Әділет

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына үміткерлерді іріктеу Ережелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1998 жылғы 22 желтоқсан N 459 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 29 сәуірде N 745 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 163 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 04.03.2013 № 163 бұйрығымен.

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына үміткерлерді іріктеу Ережелері

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "облыстық ІІББ, ІІБ және көліктегі ІІБ", " ІІББ, ІІБ, КІІБ", "ІІББ, ІІБ және КІІБ" деген аббревиатуралар "ІІД, көліктегі ІІД" деген аббревиатуралармен ауыстырылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 280 бұйрығымен .

## 1. Жалпы тәртіптер

1. Осы Ережелер жоғары оқу орындарына үміткерлерді іріктеудің шарттарын белгілейді, сондай-ақ ішкі істер органдарында, ішкі әскерлер мен жоғары оқу орындарында осы жұмыстың жүргізілу тәртібін реттейді.

2. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жоғары оқу орындары жоғары білікті мамандармен толықтыруға жататын лауазымдарды жасақтау үшін ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің орта басшылық құрам кадрларын дайындайды.

3. Үміткерлерді оқуға іріктеу ішкі істер органдарының, салалық бөлімшелері мен кадр аппараттары жетекшілерінің маңызды міндеті болып табылады, ішкі істер органдарының қызмет тиімділігінің артуы оның сапалы түрде шешілуімен байланысты.

4. Күндізгі (сырттай) оқуға түсу үшін жіберілетін ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының, ішкі әскерлердің қатардағы және сержанттық

құрамының адамдарына оқу орны орналасқан жерге дейін және кері қайтуға темір жол көлігімен жүру шығындары оқуға жіберуші ішкі істер органдары есебінен өтеледі.

5. Күндізгі оқуға қабылдау емтихандарын тапсыру үшін оқу орындарына келген үміткерлер оқу орындарының жанындағы казармалық жағдайда тұратын болса, ақылы түрде - солдаттық азық мөлшері бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі.

6. Қабылдау емтихандарын тапсыру уақытында талапкерлерге мекендеу шығындарының өтелуі арқылы оқу орнының жатақханасы берілуі мүмкін.

7. Жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімшелерінде тыңдаушыларды оқытудың толық курсы мерзімді әскери қызмет өткеруге теңестіріліп, ішкі істер органдарында қызмет ету өтіліне есептеледі.

8. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жоғары оқу орындарына басқа мемлекеттердің азаматтарынан үміткерлерді іріктеу, сондай-ақ басқа мемлекеттердің Ішкіісмині оқу орындарына Қазақстан Республикасының азаматтарын жіберу тәртібі тиісті ішкі істер министрліктерінің арасындағы контрактілердің (шарттардың) мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдердің негізінде белгіленеді.

## 2. Іріктеу мен оқуға жіберудің шарттары

9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарында оқуға үміткерлерді іріктеу (Осы Ережелерге 1-қосымша) жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білімі бар ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қойылатын талаптарға жауап беретін, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасы азаматтарының арасынан жүргізіледі.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен .

10. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жоғары оқу орындарына үміткерлерді іріктеу мен зерттеуді Ішкіісминінің, ІІД, көліктегі ІІД кадр аппараттары, ҚР Ішкіісмині бекіткен тәртіптемеге сәйкес, салалық бөлімшелердің басшыларымен өзара тығыз іс-қимылда жүргізеді. Оқу орнын бітіргеннен кейін колледж түлектері, оқуға дайындаған салалық бөлімшелерге қызметке жіберіледі.

11. Үміткерлерді іріктеу үшін Ішкіісминнің, ІІД, көліктегі ІІД бұйрықтары бойынша ішкі істер органдарының кадрлар аппараттары басшысының төрағалық етуімен, ал Ішкі істер министрлігінде кадр аппаратына жетекшілік ететін ішкі істер министрі орынбасарының төрағалық етуімен іріктеу комиссиялары

құрылады. Комиссияның құрамына Ішкіісмин Департаменттері мен қызметтерінің, ІІД, көліктегі ІІД бастықтары енгізіледі.

12. Оқуға үміткерлерді іріктеудің негізгі қағидалары:

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жастар арасында белсенді түрде кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- үміткерлерді оқуға іріктеу кезінде білім беру мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен өзара тығыз іс-қимыл жасау;
- үміткерлердің жеке басын жан-жақты және объективті зерттеу;
- білімді, саналы және денсаулығы мықты, күш-қуаты мол адамдарды іріктеу.

13. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жоғары оқу орындарына түсуге тілек білдірген ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдары мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілері команда бойынша оқу орны мен мамандығын көрсете отырып, ішкі істер органы бастығының, бөлімше командирінің атына рапорт береді. Жай адамдар тұрғылықты жері бойынша Ішкіісминнің, ІІД, көліктегі ІІД кадр аппараттарына тікелей арыз береді.

14. Ішкі істер органының жетекшісі әр үміткердің рапортын (арызын) жеке қарап, онымен әңгіме өткізіп, қабылдау шарттарына сай келген жағдайда ресімдеу үшін кадр аппаратына жібереді. Кадр аппараты оқуға үміткерді медициналық куәландыру үшін әскери-дәрігерлік комиссияға жібереді.

15. Ішкіісминнің, ІІД әскери-дәрігерлік комиссиялары Қазақстан Республикасы Ішкіісминнің 1998 жылғы 24 желтоқсанындағы N 470 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлеріндегі әскери-дәрігерлік сараптау туралы Ережені" және "Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлеріндегі медициналық куәландыру туралы Ережені", басшылыққа ала отырып, үміткердің қызметке және оқуға түсуге жарамдығын анықтайды ( мемлекеттік тіркеуден 1999 жылдың 26 наурызында өткен).

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 280 бұйрығымен .

16. Оқып-зерттеу үдерісі кезінде үміткерді ары қарай оқып-зерттеу немесе осы жұмысты тоқтату үшін негіз бола алатын үміткердің іскерлік және жеке дара , моральдық қасиеттері, денсаулық жағдайы анықталады.

17. Күндізгі (сырттай) оқуға жіберу туралы мәселені шешу үшін әрбір үміткердің жеке (оқу) ісі іріктеу комиссиясының қарауына жіберіледі.

18. Іріктеу комиссиясы осы Ережелерді басшылыққа ала отырып, келіп түскен материалдарды тиянақты түрде оқып-зерттеп, әрбір үміткерге қатысты өз шешімін шығарады. Іріктеу комиссия отырысының қорытындылары хаттамамен ресімделеді, оны төраға бекітіп, комиссия хатшысы куәландырады.

19. Жоғары оқу орындарына түсу үшін үміткерлердің материалдарын қабылдау комиссиялары қарап, үміткерді түсу емтихандарына жіберу туралы түпкілікті шешім шығарады. Жоғары оқу орынның бастығы қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

20. Үміткерлер үшін оқуға түсу емтихандарына келу уақыты көрсетілген жоғары оқу орындары қабылдау комиссиясының шешімдері жасақтаушы ішкі істер органдарына оқуға түсу емтиханының басталуынан 10 күн бұрын хабарланады.

21. Ішкі істер органдары, ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің ішінен күндізгі оқуға түсу емтихандарына жіберілген үміткерлердің кезекті демалысы жоғары оқу орнына іссапарға жіберілгенге дейін олардың толық пайдалана алуы есептеле отырып беріледі.

Ішкі істер органдары қызметкерлері мен ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің ішінен күндізгі оқуға түсуге үміткерлер ретінде бекітілген адамдарды олардың оқуға түсуі жөніндегі мәселе түпкілікті шешілгенге дейін басқа бөлімшелерге ауыстыруға, бөлімше ішінде басқа қызметтерге ауыстыруға және штаттық қысқарту бойынша жұмыстан шығаруға тыйым салынады.

22. Оқуға түсу емтихандарын тапсыру үшін үміткерлерді іссапарға жіберуді Қазақстан Республикасының оқу орындары бастықтарының шақыртуы бойынша Ішкіісмин, ІІД, көліктегі ІІД іске асырады.

23. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілері ішінен күндізгі оқуға түсетін үміткерлер түсу емтихандарын тапсыру үшін оқу орындарына кетердің алдында белгіленген тәртіп бойынша атқаратын лауазымдары бойынша істерді тапсырады, бірақ оқуға қабылданғанға дейін ол лауазымынан босатылмайды.

24. Күндізгі оқуға түсетін ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдары, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері 31 тамызға дейін ақшалай қамтамасыз етіледі, сондай-ақ қаржы қызметтері оларға ақшалай және киім-кешек аттестаттарын береді.

## 3. Оқуға үміткерлердің жеке (оқу) істерін ресімдеу тәртібі

25. Күндізгі оқуға үміткерлердің жеке істері Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің белгіленген талаптарына сәйкес ресімделеді. Оқуға (оқытудың күндізгі нысаны) үміткердің жеке ісіне:

- оқуға жіберу туралы рапорты (арызы);
- ішкі істер органының қызметкері, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен офицерлері үшін оқуға жіберу туралы қорытындылары бар аттестация;

- соңғы оқу және жұмыс орнынан мінездеме;
- оқуға жіберу туралы қорытынды (N 2 қосымша);
- ішкі істер органының кадр аппаратымен расталған білім туралы құжаттың көшірмесі;
- әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы бар медициналық куәландыру картасы;
- расталған үш фотосуреті (бас киімсіз, күнделікті формада, көлемі 3х4 см, бұрышсыз) қоса тіркеледі.

26. Ішкі істер органдарының қызметкерлері, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері қатарынан сырттай оқуға іріктеліп алынған үміткерлердің оқу істері ресімделеді, оларға:
- рапорты;
- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақшасы;
- қызметтік мінездеме;
- оқуға жіберу туралы қорытынды (N 3 қосымша);
- 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- ішкі істер органдарының кадр аппараттарымен расталған көшірмесі бар білім туралы құжаттың көшірмесі;
- расталған үш фотосуреті (көлемі 3х4) кіреді.

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 280 бұйрығымен .

27. Күндізгі оқуға ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдары, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері және 25 жасқа дейінгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта білімі бар басқа да азаматтар жіберіледі.

Ескерту: 4-тараудың атауы алынып тасталды, 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен .

28. Оқуға түсуге келген әйел жынысты адамдардың мекендеу орны туралы мәселені оқу орнының басшылығы жеке тәртіпте шешеді.

29. Сырттай оқуға жасы 40-қа дейінгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары (заңгерлік емес) білімі бар ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілері жіберіледі.

Ескерту: 5-тараудың атауы алынып тасталды, 29-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен , 29-тармақ жаңа редакцияда - 2006 жылғы 20 маусымдағы N 280 бұйрығымен .

30. <*>

Ескерту: 30-тармақ алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен .

31. Екінші жоғары білім алу үшін оқуға тілек білдірген үміткерлерді жіберу ұқсас мамандық алу немесе қайта мамандану қажеттілігі туған ерекше жағдайларда ғана рұқсатталады.

32. Оқуға түсетін үміткерлердің жасы мен олардың тиісті қызметтегі қызмет өтілі оқуға қабылдану сәтіндегі жағдай бойынша белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Ішкіісминінің жоғары оқу
орындарына үміткерлерді
іріктеу ережелеріне

1-қосымша

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен .

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орындарының тізбесі**

| N | Оқу орындарының атауы | Оқу мерзімі | Дайындау саласы |
|---|---|---|---|
| 1. | ҚР Ішкісмині Академиясы (480060, Алматы қаласы, Өтепов көшесі, 29)<br>күндізгі оқыту<br>сырттай оқыту:<br>жалпы орта білім негізінде;<br>жоғары кәсіптік (заңгерлік емес) және кәсіптік орта (заңгерлік) білім негізінде | <br>4 жыл<br><br>5 жыл<br>3 жыл | N 050303 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша (Бакалавриат) жоғары кәсіптік (заңгерлік) білімі бар мамандарды: тергеу-криминалистикалық; жедел-криминалистикалық; жедел-іздестіру; әкімшілік-құқықтық мамандanулар бойынша дайындау. |
| 2. | ҚР Ішкісминінің Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты (470064, Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124)<br>күндізгі оқыту | <br>4 жыл | N 050303 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша (Бакалавриат) жоғары кәсіптік (заңгерлік) білімі бар мамандарды: |

сырттай оқыту: жедел-іздестіру;
жалпы орта білім негізінде; 5 жыл тергеу-криминалистикалық
жоғары кәсіптік (заңгерлік мамандану лар бойынша
емес) және кәсіптік орта 3 жыл дайындау.
(заңгерлік) білім негізінде

---

ҚР Ішкіісминінің жоғары оқу
орнына үміткерлерді іріктеу
мен қабылдау

Ережелеріне N 2 қосымша

"Бекітемін" ______________

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(орта және жоғары басшы құрам
_____________________________________
лауазымдарына тағайындау құқығы бар
ішкі істер органның бастығы)

199 ____ ж. "___" ________________

_________________________________________________________________

(оқу орнының атауы)

______________________________________________ оқуға жіберу туралы

(үміткердің аты-жөні, ілік септікте)

**Қорытынды**

1. Үміткерлерді алдын-ала зерттеудің нәтижелері туралы анықтама ________
___________________________________________________

(Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы ____________
________________________________________________________
және басшы құрам адамдарының қызмет өткеру Ережесіне сәйкес) ________
_________________________________________________________ ________
________________________________________________________

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(органның бастығы

__________________ _____________ ______________

арнайы атағы) (қолы) (тегі)

19____ ж. "___" _______________

2. Арнайы тексерудің нәтижелері_________________________________
_________________________________________________________________

______________________ _____________ ______________

(қызметі, арнайы атағы) (қолы) (тегі)

19____ ж. "___" _______________

3. Үміткерлердің әскери қызметке (оқуға) жарамдығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы _______________________________

___________________________________________

(үміткерді психофизиологиялық тексеру нәтижелері)

_________________________

(қызметі, арнайы атағы)

19____ ж. "___" _________________

4. Үміткерді зерттеу нәтижелері____________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

Үміткерді зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды _______________________

____________________________________________________ _______________________

_________________________________________________________

(оқу орны мен мамандығын көрсете отырып, оқуға жіберу)

________________________

(үміткерді зерттеген органның, бөлімшенің бастығы)

_____________________ _______________ _______________

(арнайы атағы) (қолы) (тегі)

19____ ж. "___" _________________

____________________

(кадр аппаратының бастығы, арнайы атағы)

19____ ж. "___" ___________ _______________ _________________

(қолы) (тегі)

____________________

(орган бастығының жетекшілік ететін қызмет бойынша орынбасары, арнайы атағы)

19____ ж. "___" ___________ _______________ _________________

(қолы) (тегі)

ҚР Ішкіісминінің жоғары оқу орнына үміткерлерді іріктеу мен қабылдау Ережелеріне N 3 қосымша

"Бекітемін"

___________________________________
(орта және жоғары басшы құрам

___________________________________
лауазымдарына тағайындау құқығы бар
ішкі істер органның бастығы)

199 ____ ж. "___" ________________

**Қорытынды**

________________________________________________________________

(атағы, аты-жөні, тегі, лауазымы)

________________________________________________________________

19___ж. туылған, 19____ж. орта мектебін, орта арнайы ___________________

__________________________________________________

оқу орнын, ЖОО бітірген, N ______ аттестаты (дипломы)

________________________________________________________________

________________________________________________________________

(ішкі істер органындағы қызметтік және қоғамдық қызметін көрсететін ________

__________________________________________________________

мінездеменің қысқаша мазмұны) ____________________________

_____________________________________

________________________

(ұсынушы органның атауы)

________________________________________________

(оқу орнының атауы)

19__ ж. күндізгі (сырттай) оқуға түсу үшін

____________________________________________ жолдасты ұсынады.

(тегі, аты, әкесінің аты)

Негіз:________________________________________________________

(ұсынушы органның)

іріктеу комиссиясының шешімі (қорытындысы).

19 _____ ж. "____" ____________ N _____________

________________________

(органның бастығы,

арнайы атағы)

19____ ж. "___" __________ _____________ _______________

(қолы) (тегі)

Қазақстан Республикасы Ішкі
ісминінің жоғары оқу орнына

үміткерлерді іріктеу мен
қабылдау Ережелеріне N 4 қосымша

"Бекітемін"
Іріктеу комиссиясының төрағасы
___________________________________
(қызметі, атағы, аты-жөні,
___________________________________
тегі, қолы, датасы)

Іріктеу комиссиясының ________________________________________
(жасақтайтын ішкі істер органның атауы)

**Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің оқу орындарын жасақтау жөніндегі N __________ Хаттамасы**

| N | Тегі, аты жөні | Туылған жылы | Жұмыс орны, лауазымы | Білімі | Ата ғы | ІІО жұмыс ұсынды | Оқуға кім ұсынды өтіні лі | Мінездеме | Қай оқу орнына ұсынылды |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

| Оқыту нысаны | Тәртіптемен көзделді | Комиссия шешімі | Ескерту |
|---|---|---|---|
| 11 | 12 | 13 | 14 |

Іріктеу комиссиясының хатшысы __________________

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
1998 жылғы 22 желтоқсан
N 459 бұйрығына
N 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің колледждеріне үміткерлерді іріктеу Ережелері**

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "облыстық ІІББ, ІІБ және көліктегі ІІБ", " ІІББ, ІІБ, КІІБ", "ІІББ, ІІБ және КІІБ" деген аббревиатуралар "ІІД, көліктегі ІІД" деген аббревиатуралармен ауыстырылды, барлық мәтін бойынша "(сырттай)" деген сөз алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 280 бұйрығымен .

## 1. Жалпы тәртіптер

1. Осы Ережелер колледждерге үміткерлерді іріктеудің шарттары белгілейді, сондай-ақ ішкі істер органдарында, ішкі әскерлер мен колледждерде осы жұмыстың жүргізілу тәртібін реттейді.

2. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің колледждері орта біліктілікті мамандармен толықтырылуға жататын лауазымдарды жасақтау үшін ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің орта басшылық құрам кадрларын дайындайды.

3. Үміткерлерді оқуға іріктеу ішкі істер органдарының, салалық бөлімшелері мен кадр аппараттары жетекшілерінің маңызды міндеті болып табылады, ішкі істер органдарының қызмет тиімділігінің артуы оның сапалы түрде шешілуімен байланысты.

4. Күндізгі оқуға түсу үшін жіберілетін ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының, ішкі әскерлердің қатардағы және сержанттық құрамының адамдарына оқу орны орналасқан жерге дейін және кейін темір жол көлігімен барып-қайтуға шыққан шығындар оқуға жіберген ішкі істер органдары есебінен өтеледі.

5. Күндізгі оқуға қабылдау емтихандарын тапсыру үшін оқу орындарына келген үміткерлер оқу орындарының жанындағы казармалық жағдайда тұратын болса, ақылы түрде - солдаттық азық мөлшері бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі.

6. Қабылдау емтихандарын тапсыру уақытында талапкерлерге мекендеу шығындарының өтелуі арқылы оқу орнының жатақханасы берілуі мүмкін.

7. Колледждердің күндізгі бөлімшелерінде тыңдаушыларды оқытудың толық курсы мерзімді әскери қызмет өткеруге теңестіріліп, ішкі істер органдарында қызмет ету өтіліне есептеледі.

8. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің колледждеріне басқа мемлекеттердің азаматтарынан үміткерлерді іріктеу, сондай-ақ басқа мемлекеттердің Ішкіісмині оқу орындарына Қазақстан Республикасының азаматтарын жіберу тәртібі тиісті Ішкі істер министрліктерінің арасындағы контарктілердің (шарттардың) мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдер негізінде белгіленеді.

## 2. Іріктеу мен оқуға жіберудің шарттары

9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің колледждерінде оқуға үміткерлерді іріктеу (осы Ережелерге 1-қосымша) жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімі бар ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қойылатын талаптарға жауап беретін, денсаулығы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасы азаматтарының арасынан жүргізіледі.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен .

10. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің колледждеріне үміткерлерді іріктеу мен зерттеуді Ішкіісминінің, ІІД, көліктегі ІІД кадр аппараттары, үміткерлерді пайдалану көзделіп отырған салалық бөлімшелердің басшыларымен өзара тығыз іс-қимылда жүргізеді. Оқу орнын бітіргеннен кейін колледж түлектері, оқуға дайындаған салалық бөлімшелерге қызметке жіберіледі.

11. Үміткерлерді іріктеу үшін Ішкіісминнің, ІІД, көліктегі ІІД бұйрықтары бойынша ішкі істер органдарының кадрлар аппараттары басшысының төрағалық етуімен, ал Ішкі істер министрлігінде кадр аппаратына жетекшілік ететін ішкі істер министрлігі орынбасарының төрағалық етуімен іріктеу комиссиялары құрылады. Комиссияның құрамына Ішкіісмин Департаменттері мен қызметтерінің, ІІД, көліктегі ІІД бастықтары енгізіледі.

12. Оқуға үміткерлерді іріктеудің негізгі қағидалары:

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жастар арасында белсенді түрде кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- үміткерлерді оқуға іріктеу кезінде білім беру мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен өзара тығыз іс-қимыл жасау;
- үміткерлердің жеке басын жан-жақты және объективті зерттеу;
- білім мен сана деңгейі, денсаулығы мықты және күш-қуаты мол адамдарды іріктеу.

13. ҚР Ішкіісминінің колледждеріне түсуге тілек білдірген ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдары мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілері команда бойынша оқу орны мен мамандығын көрсете отырып, ішкі істер органы бастығының, бөлімше командирінің атына рапорт береді. Жай адамдар тұрғылықты жері бойынша Ішкіісминнің, ІІД, көліктегі ІІД кадр аппараттарына тікелей арыз береді.

14. Ішкі істер органының жетекшісі әр үміткердің рапортын (арызын) жеке қарап, онымен әңгіме өткізіп, қабылдау шарттарына сай келген жағдайда ресімдеу үшін кадр аппаратына жібереді. Кадр аппараты оқуға үміткерді медициналық куәландыру үшін әскери-дәрігерлік комиссияға жібереді.

15. Ішкіісминнің, ІІД әскери-дәрігерлік комиссиялары Қазақстан Республикасы Ішкіісминнің 1998 жылғы 24 желтоқсанындағы N 470 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлеріндегі әскери-дәрігерлік сараптау туралы Ережені" және "Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлеріндегі медициналық куәландыру туралы Ережені", басшылыққа ала отырып, үміткердің қызметке және оқуға түсуге жарамдығын анықтайды ( мемлекеттік тіркеуден 1999 жылдың 26 наурызында өткен).

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 280 бұйрығымен .

16. Оқып-зерттеу үдерісі кезінде үміткерді ары қарай оқып-зерттеу немесе осы жұмысты тоқтату үшін негіз бола алатын үміткердің іскерлік, жеке дара және моральдық қасиеттері, денсаулық жағдайы анықталады.

17. Күндізгі оқуға жіберу туралы мәселені шешу үшін әрбір үміткердің жеке ( оқу) ісі іріктеу комиссиясының қарауына жіберіледі.

18. Іріктеу комиссиясы осы Ережелерді басшылыққа ала отырып, келіп түскен материалдарды тиянақты түрде оқып-зерттеп, әрбір үміткерге қатысты өз шешімін шығарады. Іріктеу комиссия отырысының қорытындылары хаттамамен ресімделеді, оны төраға бекітіп, комиссия хатшысы куәландырады.

19. Колледждерге түсу үшін үміткерлердің материалдарын қабылдау комиссиялары қарап, үміткерді түсу емтихандарына жіберу туралы түпкілікті шешім шығарады. Колледж бастығы қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

20. Үміткерлер үшін оқуға түсу емтихандарына келу уақыты көрсетілген жоғары оқу орындары қабылдау комиссиясының шешімдері жасақтаушы ішкі істер органдарына оқуға түсу емтиханының басталуынан 10 күн бұрын хабарланады.

21. Ішкі істер органдары, ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің ішінен күндізгі оқуға түсу емтихандарына жіберілген үміткерлердің кезекті демалысы жоғары оқу орнына іссапарға жіберілгенге дейін олардың толық пайдалана алуы есептеле отырып беріледі.

Ішкі істер органдары қызметкерлері мен ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің ішінен күндізгі оқуға түсуге үміткерлер ретінде бекітілген адамдарды олардың оқуға түсуі жөніндегі мәселе түпкілікті шешілгенге дейін басқа бөлімшелерге ауыстыруға, бөлімше ішінде басқа қызметтерге ауыстыруға және штаттық қысқарту бойынша жұмыстан шығаруға тыйым салынады.

22. Оқуға түсу емтихандарын тапсыру үшін үміткерлерді іссапарға жіберуді Қазақстан Республикасының оқу орындары бастықтарының шақыртуы бойынша Ішкіісмин, ІІД, көліктегі ІІД іске асырады.

23. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілері ішінен күндізгі оқуға түсетін үміткерлер түсу емтихандарын тапсыру үшін оқу орындарына кетердің алдында белгіленген тәртіп бойынша атқаратын лауазымдары бойынша істерді тапсырады, бірақ оқуға қабылданғанға дейін ол лауазымынан босатылмайды.

24. Күндізгі оқуға түсетін ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдары, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері 31 тамызға дейін ақшалай қамтамасыз етіледі, сондай-ақ қаржы қызметтері оларға ақшалай және киім-кешек аттестаттарын береді.

## 3. Оқуға үміткерлердің жеке (оқу) істерін ресімдеу тәртібі

25. Күндізгі оқуға үміткерлердің жеке істері Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің белгіленген талаптарына сәйкес ресімделеді. Оқуға (оқытудың күндізгі нысаны) үміткердің жеке ісіне:

- оқуға жіберу туралы рапорты (арызы);
- ішкі істер органының қызметкері, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен офицерлері үшін оқуға жіберу туралы қорытындылары бар аттестация;
- соңғы оқу және жұмыс орнынан мінездеме;
- оқуға жіберу туралы қорытынды (N 2 қосымша);
- ішкі істер органының кадр аппаратымен расталған білім туралы құжаттың көшірмесі;
- әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы бар медициналық куәландыру картасы;
- расталған үш фотосуреті (бас киімсіз, күнделікті формада, көлемі 3х4 см, бұрышсыз) қоса тіркеледі.

26. <*>

Ескерту: 26-тармақ алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен .

27. Күндізгі оқуға ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдары, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері және 25 жасқа дейінгі жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімі бар басқа да азаматтар жіберіледі.

Ескерту: 4-тараудың атауы алынып тасталды, 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен .

28. Оқуға түсуге келген әйел жынысты адамдардың мекендеу орны туралы мәселені оқу орнының басшылығы жеке тәртіпте шешеді.

## 5. Сырттай оқуға

Ескерту: 5-тарау (29-31 тармақтар) алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы
Ішкісминінің колледждеріне
үміткерлерді іріктеу
ережелеріне 1-қосымша

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығымен .

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі колледждерінің тізбесі**

| N | Оқу орындарының атауы | Оқу мерзімі | Дайындау саласы |
|---|---|---|---|
| 1. | ҚР Ішкісминінің Ақтөбе заң колледжі (463000, Ақтөбе қаласы, 41 - разъезд, Курсанттар тас жолы) күндізгі оқыту | 2 жыл | N 0202002 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша кәсіптік орта (заңгерлік) білімі бар мамандарды әкімшілік-құқықтық мамандану бойынша дайындау. |
| 2. | ҚР Ішкісминінің Семей заң колледжі (490026, Семей қаласы, Қаржаубайұлы көшесі, 245) күндізгі оқыту | 2 жыл | N 0202002 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша кәсіптік орта (заңгерлік) білімі бар мамандарды жедел-іздестіру мамандану бойынша дайындау. |
| 3. | ҚР Ішкісминінің Шымкент заң колледжі (480163, Шымкент қаласы, Чернышевский көшесі, 139) күндізгі оқыту | 2 жыл | N 0202002 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша кәсіптік орта (заңгерлік) білімі бар мамандарды әкімшілік-құқықтық мамандану бойынша дайындау. |

ҚР Ішкіісминінің колледждеріне
үміткерлерді іріктеу мен қабылдау
Ережелеріне N 2 қосымша

"Бекітемін"

_______________________________________
(орта және жоғары басшы құрам
_______________________________________
лауазымдарына тағайындау құқығы бар
ішкі істер органның бастығы)

199 ____ ж. "___" ________________

_____________________________________________________________________
(оқу орнының атауы)
________________________________________________ оқуға жіберу туралы
(үміткердің аты-жөні, ілік септікте)

**Қорытынды**

1. Үміткерлерді алдын-ала зерттеудің нәтижелері туралы анықтама ________
______________________________________________________
(Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы ____________
___________________________________________________________
және басшы құрам адамдарының қызмет өткеру Ережесіне сәйкес)
_____________________________________________________________________
_____________________________________________________________________

___________________
(органның бастығы
___________________ ______________ _______________
арнайы атағы) (қолы) (тегі)
19____ ж. "___" ________________

2. Арнайы тексерудің нәтижелері ________________________________
_____________________________________________________________________
________________________ ______________ ________________
(қызметі, арнайы атағы) (қолы) (тегі)
19____ ж. "___" ________________

3. Үміткерлердің әскери қызметке (оқуға) жарамдығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы ________________________
_________________________________________________
(үміткерді психофизиологиялық тексеру нәтижелері)

________________________
(қызметі, арнайы атағы)
19____ ж. "___" ________________

4. Үміткерді зерттеу нәтижелері________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________

Үміткерді зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды ____________________
____________________________________________ ____________________
________________________________________________

(оқу орны мен мамандығын көрсете отырып, оқуға жіберу)

_______________________
(үміткерді зерттеген органның, бөлімшенің бастығы)

____________________ ______________ _____________
(арнайы атағы) (қолы) (тегі)

19____ ж. "___" ________________

____________________
(кадр аппаратының бастығы, арнайы атағы)

19____ ж. "___" ___________ ______________ ________________
(қолы) (тегі)

____________________
(орган бастығының жетекшілік ететін қызмет бойынша орынбасары, арнайы атағы)

19____ ж. "___" ___________ ______________ ________________
(қолы) (тегі)

ҚР Ішкіісминінің колледждеріне үміткерлерді іріктеу мен қабылдау Ережелеріне N 3 қосымша

"Бекітемін"

_______________________________________
(орта және жоғары басшы құрам
_______________________________________
лауазымына тағайындау құқығы бар ішкі істер органның бастығы)

199 ____ ж. "___" _________________

**Қорытынды**

_______________________________________________________________________

(атағы, аты-жөні, тегі, лауазымы) _______________________________

_______________________________________________

19___ж. туылған, 19____ж. орта мектебін, орта арнайы ___________________

_________________________________________________________

оқу орнын, ЖОО бітірген, N ______ аттестаты (дипломы) ________________

___________________________________________________________

________________________________________________________________________

(ішкі істер органындағы қызметтік және қоғамдық қызметін көрсететін ________

__________________________________________________________________

мінездеменің қысқаша мазмұны) _______________________________

________________________________________________

_________________________

(ұсынушы органның атауы)

_______________________________________________________

(оқу орнының атауы)

19__ ж. күндізгі (сырттай) оқуға түсу үшін______________________

_____________________________________________________ жолдасты ұсынады.

(тегі, аты, әкесінің аты)

Негіз:_______________________________________________________________

(ұсынушы органның)

іріктеу комиссиясының шешімі (қорытындысы).

19 _____ ж. "____" ____________ N ______________

_________________________

(органның бастығы, арнайы атағы)

19____ ж. "___" __________ _____________ ________________

(қолы) (тегі)

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің колледждеріне
үміткерлерді іріктеу мен
қабылдау Ережелеріне N 4 қосымша

"Бекітемін"

Іріктеу комиссиясының төрағасы _____

________________________________________

(қызметі, атағы, аты-жөні,

_________________________________________

тегі, қолы, датасы)

Іріктеу комиссиясының ________________________________________

(жасақтайтын ішкі істер органның атауы)

**Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің оқу орындарын жасақтау жөніндегі**

**N ___________ Хаттамасы**

| N | Тегі, аты жөні | Туылған жылы | Жұмыс орны, лауазымы | Білімі | Атағы | ПО жұмыс өтілі | Оқуға кім ұсынды | Мінездеме | Қай оқу орнына ұсынылды |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

| Оқыту нысаны | Тәртіптемен көзделді | Комиссия шешімі | Ескерту |
|---|---|---|---|
| 11 | 12 | 13 | 14 |

Іріктеу комиссиясының хатшысы __________________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК